



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел: 55 66 31, 55 66 37, факс: 55 72 94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55 66 31, 55 66 37, факс: 55 72 94

№  
24.10.2018 № 5 ге

**Тұрақты комиссияның  
2018 жылғы 24 қазандағы  
қаулысы**

**«Астана – ақылды қала» смарт-  
жобасын қалалық әлеуметтік-  
мәдени сала мекемелері мен  
ұйымдарында жүзеге асыру  
жөніндегі жұмыс туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана – ақылды қала» смарт-жобасын қалалық әлеуметтік-мәдени сала мекемелері мен ұйымдарында жүзеге асыру жөніндегі жұмыс туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық атқарушы органдар «ақылды қала» шешімдеріне негізделген елорда тұрғындары мен қонақтарының өмір сүрулері үшін қолайлы және жайлы жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылдап жатқандығын анықтады.

Қалалық білім беру мекемелері мен ұйымдарында «Астана – ақылды қала» смарт жобасын енгізу бойынша шаралар қабылдануда. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, оның ішінде жекеменшік балабақшалар мен шағын орталықтарға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 2018 жылы 28 658 өтініш берілді. Жаңа ережелерге сәйкес ағымдағы жылы балабақшаларға қабылдау жүйесі жаңартылды (e.astana.kz), бірінші сыныпқа қабылдау жүйесі іске қосылды. Жүйені пайдалану бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Астаналық №59 мектеп-лицейінде оқушы карталарының сәйкестендіргішін жинау және мектептегі тамақтануды қолма-қол ақшасыз есептеудің автоматтандырылған жүйесі бойынша пилоттық жобаны іске асыру үшін жабдықтар сатып алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Smart Денсаулық сақтау» жүйесін дамыту мақсатында «Астана – ақылды қала» смарт жобасы шеңберінде 16 емханада, 15 стационар мен ауруханаларда және қалалық жедел медициналық жәрдем стансаларында медициналық ақпараттық жүйелер (МАЖ) енгізілді. Компьютерлік техникамен 100 пайыздық жабдықтау қамтамасыз етілді, медициналық мекемелердің 7000-нан астам

қызметкері МАЖ және «Smart Astana» мобильдік қосымшасын пайдалану бойынша оқытылды. Дәрігердің қабылдауына жазылу және дәрігерді үйге шақыру үшін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ жаңа жұмыс форматына көшті. Негізгі өзгерістердің бірі-бұл жұмыс беруші үшін кадрларды сапалы іріктеу, HR-қызмет ретінде жұмыс берушілермен жұмыс істеудің бөлсенді форматын енгізу, іздеушілермен жұмыс істеудің атаулылығын күшейту және электрондық еңбек биржасын енгізу. Бүгінгі күні [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) электрондық еңбек биржасында 3 387 жұмыс беруші және 6 339 бос жұмыс орны тіркелген, сондай-ақ порталда 4 604 жұмыс іздеуші тіркелген. Елорда халқы және жұмыс берушілері арасында [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) еңбек электронды биржасының қосылғандығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Интернетке қол жетімділігі бар компьютерлер арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы жұмыс істейді, порталды пайдалану және түйіндеме жасау бойынша консультациялар жүргізіледі.

«Астана – ақылды қала» жобасы шегінде және мәдениет және спорт кәсіпорындарының қызметін цифрландыруды енгізу бойынша жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде. Smart Astana тұжырымдамасының смарт-бастамаларының бірі елорданың мәдени және спорт іс-шараларына билеттер сатуды автоматтандыру бойынша Е-билет жобасын іске асыру болып табылады. Астана қаласы әкімдігінің «Ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция» МКҚК Салтанатты аркада 6 сенсорлы ақпаратты дүңгіршек орнатты және жұмыс істеуде. Келушілер үшін арнайы бағдарлама әзірленіп, орнатылды. 4 дүңгіршекте: «Мультимедиялы елорда» («iDC (АйДиСи)» ЖШС) және «Әлемнің Салтанатты аркалары», «Қала тарихы», «Заманауи Астана» және «Астананың тарихи-мәдени мұрасы» орналастырылған. Ағымдағы жылы Дирекция қызметкерлері «Цифрлы Қазақстан» курсы бойынша оқытылды.

Астана қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» МКҚК өзінің [inderalace.kz](http://inderalace.kz) ресми сайты бар, ол бойынша 3D виртуалды туры бойынша Сарайдың барлық жерін көруге болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмыс уақытын есепке алу процестерін автоматтандыру және персоналдың орын ауыстыруын және объектінің аумағында болу уақытын жедел бақылау міндеттерін шешу үшін қолжетімділікті басқаруды бақылау жүйесі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Астана қаласының мүгедектерді оналту бағдарламасын» жүзеге асыру аясында зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапхана мен "Болашақ" КҚ-ның мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту бойынша 2018-2019 жылдарға арналған бірлескен жұмыс жоспары әзірленді. Осы мақсатта үй-жайлар зағип және нашар көретін азаматтарға арналған

мамандандырылған кітапхананың дыбыс жазу студиясына қайта жабдықталған. Брайль бойынша техникалық жабдықтар /тиффлокомплекс сатып алынды.

Ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап Орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының жұмысына RFID-технологиялар жүйесі-радио толқындарын пайдаланатын нысандарды автоматтандырылған сәйкестендіру енгізілуде. РАКАЖ бағдарламасын қолдау үшін 77 компьютер жиынтығы, сервер сатып алынды, барлық кітапханаларда Internet, Wi-Fi-ға шығу бар, кітап қорының электрондық каталогы жұмыс істейді.

«Достық» спорт комбинаты» МКҚК-да «Астана Арена» стадионының жарықдиодты медиафасадасы, сондай-ақ стадионның шығыс және батыс жағында орналасқан LED дисплейлер үшін мультимедиялық контент әзірленді, «Астана Арена» стадионының аумағында орналасқан ЖБО бейнебақылау камераларының пайдасына аналогтық бейнебақылау жүйелерінен бірте-бірте алшақтау өтуде.

«АЛЖИР» музей-мемориалды кешені қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аудиогид жүйесімен жабдықталған. Ай сайын музейдің негізгі қорының материалдары электронды нысанға ауыстырылуда.

Веб-порталдың қызметі тұрғындар үшін деректердің, мобильді қосымшаның және «SMART ASTANA» чат-ботына қол жетімділігін арттыру үшін мессенджерлердің көмегімен осы қосымшалардың пайдаланушыларына қызмет көрсету жөніндегі қалалық қызметтермен өзара іс-қимыл жасау үшін жандандырылады. «Smart Astana» мобильді қосымшасы 66 қалалық сервисті қамтиды, 152 мың жүктемені құрайды, айына оның 24 мыңы белсенді пайдаланушы.

– <https://api.smart.astana.kz> ашық мәліметтер порталы пилотты түзімде іске қосылып, жұмыс істеуде. 8 санат бойынша ашық деректердің (API) 11 жинағы орналастырылды. Ашық мәліметтер порталын дамыту және сүйемелдеу бойынша қызметтерді сатып алуға конкурс жарияланды.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия «Астана – ақылды қала» смарт-жобасын қалалық әлеуметтік-мәдени сала мекемелері мен ұйымдарында жүзеге асыру жөніндегі жұмыста кемшіліктер бар екендігін анықтады.

Астана қаласы мемлекеттік мұрағатының мұрағат қоры 353 мың сақтау бірлігін құрайды, көлемі 50 млн. астам парақ. Мұрағат қоймаларының дәстүрлі тасымалдаушылармен (қағаз құжаттармен) жүктелуі – 100 пайыз. Ақпараттық жүйенің болмауына байланысты барлық өтінімдерді мұрағат мамандары каталог арқылы іздеу жолымен қолмен өңдейді. Ұйымның теңгерімінде 1 сервер (2012 ж.ш.) және 48 компьютер бар, олар тозуларына байланысты есептен шығаруға жатады. Жергілікті желі, сервистік жабдық жоқ, Интернет желісіне қолжетімділік шектелген.

Қажетті сканерлеу жабдығының болмауына байланысты пайдаланушының электрондық қоры толық көлемде құрылған жоқ. Бүгінгі

таңда 32 сақтау бірлігінен 5922 құжат сканерленді, бұл мұрағат қорының 0,001 пайызынан кем. Сақтандыру қорында аса құнды құжаттар жоқ.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындысына сәйкес, «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қаланың әлеуметтік сала мекемелерінде пилотты Smart жобасын іске асыру үшін бөлінген жергілікті бюджет қаражатын нысаналы және тиімді пайдаланудан бұзушылықтар анықталынды.

Жеке алғанда, 2016 жылы жасалған келісімшартқа сәйкес көрсетілген қызметтерді растау сенімділігі қамтамасыз етілмеген, әсіресе, 15 451,5 мың теңге сомасына «Smart-мектеп» пилотты жобасының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мониторинг. Аталған қаражатты жергілікті бюджет кірісіне 2018 жылдың соңына дейін қайтару бойынша шаралар қабылдау ұсынылды.

Астана қаласында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жекелеген бағыттарын іске асыруды бағалау мақсатында Білім басқармасы мен оның ведомстволық бағынысты мекемелерінің мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша бірқатар бұзушылықтар анықталды.

2013 жылы 10 мектепте енгізілген «Е-кітапхана» ақпараттық кітапханалық жүйесі тек №2 және №64 мектептерде жұмыс істейді, қалған сегіз мектепте бағдарлама жұмыс істемейді, себебі техникалық қолдау мен ақпараттық сүйемелдеудің болмауы болып табылады. Мысалы, «№ 3 мектеп-гимназия» ММ-де "Smart мектеп" жобасы жобаны өнеркәсіптік пайдалануға енгізу актісінің болмауына байланысты іске асырылмаған және бюджет қаражаты есебінен жабдықтарды ұстау және қызмет көрсету бойынша шығындарды жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені бұл жабдық гимназия теңгерімінде емес.

«№ 61 орта мектебі» ММ-де Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4-бабының 12-тармағында көзделген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік принципін бұза отырып, құны 15 000,0 мың теңге тұратын "Болашақ мектебі-бүгінгі" жобасы шеңберінде есепке алу жүйесі кешені жұмыс істемейді. Тексеріске осы жүйенің өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгенін растайтын құжаттар ұсынылмаған.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана – ақылды қала» смарт-жобасын қалалық әлеуметтік-мәдени сала мекемелері мен ұйымдарында жүзеге асыру жөніндегі жұмыс туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімдігіне** әкімшілік кедергілерді азайту, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін белсенді дамыту және пайдалану жолымен елорда тұрғындары үшін қызметтердің ашықтығымен қол жетімділігіне қол жеткізу мақсатында қалалық мекемелер мен әлеуметтік-мәдени саладағы ұйымдарда мемлекеттік қызметтер мен функцияларды көрсетуді автоматтандыру және оңтайландыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- Астана қаласының Мемлекеттік мұрағатының Мұрағат қорының қызметін автоматтандыру мәселелерін кезең-кезеңмен шешу, аса құнды құжаттардың сақтандыру қорын және пайдаланудың электронды қорын құру мүмкіндігін қарастыру;

- Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелеріне Астана қаласында инновациялық технологияларды дамытуға және енгізуге белсенді қатысу;

- елордада Smart City жобаларын цифрландыру және іске асыру туралы халықты ақпараттандыру деңгейін көтеру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына тапсырылсын.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**М. Шайдаров**